

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024

ASTANA, 2024

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

беру арқылы қарсы міндеттемелер қою, субсидияларға мемлекеттік мониторинг жұмысын жіргізу, мақсатты бағыттылығын айқындау сияқты жұмыстарды жүргізу көп ұзамай өз жемісін береді деп сенеміз.

Аталған ұсыныстар ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларының сапасы мен тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алипбеки, О., Женсхан, Д., & Мусина Р. (2023). Субсидирование сельского хозяйства: проблемы и пути его эффективной организации. Экономическая серия Вестника Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, 143(2). <https://bulecon.enu.kz/index.php/main/article/view/468>
2. Утибаева Г.Б. Субсидиялау: кәсіпорынның мүлдіктік тұрақтылығының кейбір мәселелері// Аграрлық нарық проблемалары, № 1, 2023. 96-104 б.
3. Вернигор Н.Ф. Государственная поддержка сельского хозяйства — неотъемлемая часть государственного регулирования // Вестник Алтайского государственного аграрного университета № 2 (124), 2015. С.143-147
4. Шик О.В., Серова Е.В., Янбух Р.Г. Исследование системы бюджетной поддержки аграрного сектора в России. // Вопросы государственного и муниципального управления. 2020. № 2. стр 145-167.
5. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты stat.gov.kz, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты www.gov.kz/memleket/entities/mao

ӘОЖ (338.22)

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ІРІ КӘСІПОРЫНДАР ТАРАПЫНАН ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Смағұл М.Ө.

магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: smagulofficial@gmail.com

Аңдатпа. Әлеуметтік кәсіпкерлік бұл пайданы көбейтуге ұмтылумен қатар әлеуметтік мәселелерді шешетін бизнес түрі ретінде Үкіметтің де, ірі кәсіпорындардың да назарын аударуда. Бұл мақалада кедейлік, жұмыссыздық және теңсіздік сияқты мәселелерді шешу контекстінде әлеуметтік кәсіпкерліктің маңыздылығы талқыланады.

Автор мемлекет әлеуметтік кәсіпкерліктің өркендеуі үшін қолайлы орта құра отырып, оның дамуында шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Бұл қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуді, салықтық жеңілдіктерді және әлеуметтік кәсіпорындарды нығайтуға ықпал ететін білімге қол жетімділікті қамтамасыз етуді қамтиды.

Сонымен қатар, ірі кәсіпорындардың әлеуметтік жобаларға инвестиция салу және инновациялық бизнес модельдерін құру арқылы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға үлес қоса алатынына тоқталады.

Мемлекет, ірі компаниялар және әлеуметтік кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастық тұрақты және инклюзивті экономика құрудың кілті болып табылады. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешуге және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.

Кілт сөздер: әлеуметтік кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау, инклюзивті қоғам, әлеуметтік кәсіпорындар, әлеуметтік мәселелер.

Аннотация. Социальное предпринимательство привлекает внимание как правительства, так и крупных предприятий как вид бизнеса, который решает социальные проблемы, а также стремится максимизировать прибыль. В этой статье обсуждается важность социального предпринимательства в контексте решения таких проблем, как бедность, безработица и неравенство.

Автор подчеркивает, что государство играет решающую роль в его развитии, создавая благоприятную среду для процветания социального предпринимательства. Это включает в себя предоставление финансовых ресурсов, налоговые льготы и доступ к образованию, что способствует укреплению социальных предприятий.

Кроме того, он подчеркнул, что крупные предприятия могут вносить вклад в развитие

социального предпринимательства путем инвестирования в социальные проекты и создания инновационных бизнес-моделей.

Сотрудничество между государством, крупными компаниями и социальными предпринимателями является ключом к созданию устойчивой и инклюзивной экономики. Это помогает решать социальные проблемы и улучшать качество жизни людей.

Ключевые слова: социальное предпринимательство, государственная поддержка, инклюзивное общество, социальные предприятия, социальные проблемы.

Annotation. Social entrepreneurship is attracting the attention of governments and large enterprises as a type of business that solves social problems while also seeking to maximize profits. This article discusses the importance of social entrepreneurship in the context of addressing issues such as poverty, unemployment, and inequality.

The authors emphasize that the government plays a key role in its development by creating a favorable environment for social entrepreneurship to thrive. This includes providing financial resources, tax breaks, and access to education, which helps to strengthen social enterprises.

In addition, they emphasize that large enterprises can contribute to the development of social entrepreneurship by investing in social projects and creating innovative business models.


Cooperation between government, large companies, and social entrepreneurs is key to creating a sustainable and inclusive economy. This helps to address social problems and improve the quality of life for people.

Key words: social entrepreneurship, government support, inclusive society, social enterprises, social problems.

Мемлекеттің ресурстары мен мүмкіндіктері шектеулі болған жағдайда әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жаңа құралдарды табу қажеттілігі туындайды. Осындай құралдардың бірі – әлеуметтік кәсіпкерлік. Әлеуметтік кәсіпкерлер кәсіпкерлік әдістерді пайдалана отырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды іске асырады. Олардың қызметі көп векторлық сипатқа ие және білім беру, денсаулық сақтау, экология және т.с.с. қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын қамтиды. Олар мүмкіндігі шектеулі адамдар оқи, жұмыс істей және қоғамда өмір сүруге бейімделе алатын инклюзивті кеңістіктер жасайды. Сонымен қатар, олар коммерциялық емес ұйымдар мен жергілікті қауымдастықтар үшін тұрақты табыс көзі бола алады [1].

Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға айрықша көңіл аударылып жатыр. Әлеуметтік кәсіпкерлер мемлекеттік органдардың маңызды серіктесі болып табылады. Олар экономиканың өркендеуіне және өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге айтарлықтай үлес қосып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2021 жылы «Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы» Заң жобасы жасалып, қабылданды. Аталған нормативтік құжатта саланы мемлекеттік қолдаудың құқықтық негіздері мен механизмдері айқындалды. Алғаш рет «әлеуметтік кәсіпкерлік» деген ұғымға анықтама берілді. Елімізде әлеуметтік кәсіпкерлік салықтық преференцияларға, жеңілдетілген несиелер рәсімдеуге, үй-жайды жалға алу кезінде көмек алуға және т.б. қолдау шараларын пайдалануға құқық алды. Осы жылы қабылданған «Әлеуметтік кодексте» де аталған саланы дамытуға қатысты міндеттер ескерілген. Парламент мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту және мүмкіндіктерін кеңейту мәселелеріне ерекше назар аударған.

Әлеуметтік кәсіпкерлік еліміз үшін жас институт. Бұл ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызмет түрі. Қазіргі таңда Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлер реестріне ресми тіркелген 260-тан астам және бейресми дерек бойынша 15 000-нан көп әлеуметтік кәсіпорын жұмыс істейді. Ал «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының көрсеткен дерегі бойынша елімізде 600-ден астам әлеуметтік кәсіпкер бар. Экономикалық зерттеулер институты жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысында 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша әлеуметтік кәсіпкерлер реестріне 129 кәсіпкер тіркелген. Оның ішінде:



1-сурет. Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік санаттарындағы субъектілердің нақты саны.

1 санат – халықтың осал топтарын (мүгедек адамдарды, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарды, зейнеткерлерді және т.б.); жұмыспен қамтуға ықпал ететін 52 бірлік немесе 40,3%

2 санат – бірінші санатқа кіретін кәсіпкерлердің өндіретін тауарларын, өнімдері мен қызметтерін өткізуге ықпал ететін 2 бірлік немесе 1,6%;


3 санат – бірінші санатқа кіретін адамдар үшін тауарлар мен қызметтер өндірумен айналысатын 27 бірлік немесе 20,9%;

4 санат – 48 бірлік немесе 37,2%, кірістердің кем дегенде 50% үлесін балалардың демалысын және сауықтыруын ұйымдастыруға, экологияны қорғауға, сондай-ақ өзге де әлеуметтік мәселелерді шешуге бағыттайды [2].

Әлеуметтік қамсыздандыру ісінде аталған саланы белсенді дамытудың маңызы зор. Соған сәйкес Үкімет әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың ауқымды шараларын қабылдап жатыр. Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның аясында кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылды. Әлеуметтік кәсіпкерлер реестріне кірген субъектілердің келесідей жеңілдетілген несие алуға мүмкіндіктері бар:

- пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;
- төменгі сыйақы мөлшерлемесімен 1,5 млрд теңгеге дейін;
- инвестициялық мақсатта айналым капиталын толықтыру үшін 500 млн теңгеге дейін несие рәсімдеуге.

Сонымен қатар, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне инвестициялық мақсаттарға 7% мөлшерлеменен 20 млн теңгеге дейін және айналым қаражатын толтыру үшін 5 млн теңгеге дейін микронесиелер беріледі.



2-сурет. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік кәсіпкерлер санының динамикасы

Ескерту: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы деректерінің негізінде автор құрастырды.

Өңірлік бағдарламалар шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері 1% жеңілдетілген мөлшерлеме бойынша микрокредиттер ала алады. Бұдан басқа, оларға 5 млн теңгеге дейінгі сомаға мемлекеттік грант алуға мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне сервистік қолдау көрсетіледі, оған мыналар кіреді:

- ақпараттық-талдау материалдарымен қамту;
- іскерлік қатынастарды құруға жәрдемдесу;
- кәсіпкерлікті тиімді жүргізу бойынша оқытудан өткізу [3].

Объективті түрде кәсіпкерліктің бұл түрінің дамуына серпін беру үшін мемлекеттік құрылымның күш-жігері ғана емес, сонымен бірге, азаматтық сектордың да белсенді қатысуы талап етіледі.

Қазақстанда әлеуметтік бағдарланған бизнестің жаңа форматына көшкен дәстүрлі кәсіпкерлер көбейіп отыр. Мұны елордалық әлеуметтік кәсіпкерлердің республикалық тізілімдегі 26% тең үлесі растайды. Бұл – республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Салада жұмыс істейтін бірқатар ұйымға тоқталып өтейін.

«Замандас» ұйымы бүгінде 3000-ға жуық ерекше баланың бос уақытын аула клубтарында өткізуін ұйымдастырып отыр. «Гринтал» және «Күнде» компаниялары әлеуметтік осал топ қатарындағы 40 азаматқа тұрақты жұмыс орнын ашты. Осылайша аталған ұйымдар кәсіпкерлік арқылы табысқа қол жеткізіп қана қоймай, әлеуметтік пайда әкелетіндерін дәлелдеді. Қазіргі таңда Астана қаласы бойынша 17 әлеуметтік кәсіпкерге мемлекеттік қолдау шеңберінде көмек көрсетілген.

Әлеуметтік кәсіпкерлік дамыған, әсіресе, АҚШ, Канада, Франция сияқты елдерде әлеуметтік бағдарланған ірі кәсіпорындар тарапынан көрсетілетін қолдау үлкен мәнге ие [4].

Ірі әлеуметтік бағдарланған кәсіпорындар – бұл пайда табу мақсаттарын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік ықпал ету мақсаттарын да алға қоятын коммерциялық ұйымдар. Олар әртүрлі салалардағы әлеуметтік кәсіпорындарға қолдау көрсете алады, соның ішінде:

- Әлеуметтік кәсіпкерлерге гранттар, инвестициялар немесе қаржылық қолдаудың басқа түрлерін ұсына алады. Бұл әлеуметтік бизнестің ашылуына, өсуіне және кеңеюіне көмектеседі. Мысалы, АҚШ-тағы Airbnb компаниясы тұрғын үй және кедейлік мәселелерін шешумен айналысатын әлеуметтік кәсіпорындарға гранттар ұсынады.
- Әлеуметтік кәсіпорындарға олардың хабардарлығын арттыруға және тұтынушыларды тартуға жәрдемдеседі. Бұл әлеуметтік кәсіпорындардың сатылымы мен кірісінің өсуіне ықпал етуі мүмкін. Мысалы, Канададағы CIBC білім беру және жұмыспен қамту саласында жұмыс істейтін әлеуметтік кәсіпорындарға қаржыландыру және кеңес беру қызметтерін ұсынады.
- Әлеуметтік кәсіпорындарға менеджмент, маркетинг, сату және бизнесті жүргізудің басқа аспектілері бойынша кеңес бере алады. Бұл әлеуметтік кәсіпорындардың тиімді және табысты жұмыс істеуіне көмектеседі. Мысалы, Франциядағы Danone мүмкіндігі шектеулі жандарға тамақ пен сусын өндіретін әлеуметтік кәсіпорындармен ынтымақтастықта жұмыс істейді.
- Әлеуметтік кәсіпкерлерге өз операцияларын кеңейтуге және көбірек адамдарға әсер етуге ықпалын тигізе алады. Бұл әсіресе ауқымды әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жұмыс істейтін әлеуметтік кәсіпорындар үшін маңызды болуы мүмкін. Мысалы, Швециядағы IKEA компаниясы әлеуметтік кәсіпорындарға өз тауарларын өз дүкендеріне орналастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту процесін қарастыра отырып, бұл сектор Қазақстан экономикасының маңызды және қалыптасып келе жатқан сегменті деген қорытынды жасауға болады. Ол әртүрлі бағыттарда белсенді дамып келеді, жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді. Мемлекет пен ірі кәсіпорындар тарапынан әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау әлеуметтік мәселелерді шешуге, елдің экономикалық дамуына және инклюзивті қоғам құруға ықпал ететін маңызды шара болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлеуметтік кәсіпкерлік: қазіргі жағдай және саланың дамуы [Электронды ресурс]. URL: <https://almaty.atameken.kz/kk/news/48749-social-noe-predprinimatel-stvo-tekushaya-situaciya-i-razvitie-otrasli>
2. Экономикалық зерттеулер институтының (ERI) ресми сайты: <https://economy.kz/kz/>
3. Елімізде әлеуметтік кәсіпкерлерге қандай жеңілдіктер қарастырылған? [Электронды ресурс] <https://halyq-uni.kz/ekonomika/28332-elimizde-leumettik-k-sipkerlerge-kandai-zhenildikter-karastyrylgan/>

4. Кадол, Н.Ф. Зарубежный опыт развития социального предпринимательства / Н.Ф. Кадол // Московский экономический журнал. - 2020. - № 7. - С. 346-354.

УДК (33.336.671)

ФАКТОРНЫЙ АНАЛИЗ ПРИБЫЛИ ПРЕДПРИЯТИЯ «АО «КАЗТРАНСОЙЛ»: СУЩНОСТЬ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Смагулова Д.Е.

Руководитель: Ажмухамедова А.А., к.э.н., старший преподаватель
Евразийский Национальный университет, г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: darina.smagulova2002@gmail.com

Аннотация. «ҚазТрансОйл» АҚ» кәсіпорнының қызметін факторлық талдау: мәні, мәселелері және болашағы» мақаласы факторлық талдау әдістерін қолдана отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ» компаниясы қызметінің негізгі аспектілерін зерттеуге арналған. Мақалада кәсіпорынның тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар қарастырылған, сонымен қатар проблемалық аймақтар анықталған. Анықталған факторлар негізінде кәсіпорынды дамытудың перспективалық бағыттарын анықтауға ерекше көңіл бөлінеді. Мақала авторы компанияның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ қызметін оңтайландыру бойынша ұсыныстар береді. Жұмыс бизнесті талдау, стратегиялық менеджмент және экономика саласындағы зерттеушілерді, менеджерлерді және мамандарды қызықтырады.

Кілт сөздер: талдау, кәсіпорын қызметі, экономикалық өсу, проблемалар, ұсыныстар.

Аннотация. Статья "Факторный анализ деятельности предприятия «АО «КазТрансОйл»: сущность, проблемы и перспективы" посвящена исследованию ключевых аспектов деятельности компании "АО «КазТрансОйл»" с использованием методов факторного анализа. В статье рассматриваются основные факторы, влияющие на эффективность предприятия, а также выявляются проблемные области. Особое внимание уделяется выявлению перспективных направлений развития предприятия на основе выявленных факторов. Автор статьи предлагают рекомендации по оптимизации деятельности "АО «КазТрансОйл»" с целью повышения конкурентоспособности и устойчивости компании на рынке. Работа представляет интерес для исследователей, управленцев и специалистов в области бизнес-анализа, стратегического управления и экономики.

Ключевые слова: анализ, деятельность предприятия, экономический рост, проблемы, рекомендации.

Annotation. The article "Factor analysis of the activities of the enterprise "KazTransOil JSC": essence, problems and prospects" is devoted to the study of key aspects of the activities of the company "KazTransOil JSC" using factor analysis methods. The article discusses the main factors influencing the efficiency of the enterprise, and also identifies problem areas. Particular attention is paid to identifying promising directions for the development of the enterprise based on identified factors. The author of the article offers recommendations for optimizing the activities of KazTransOil JSC in order to increase the competitiveness and sustainability of the company in the market. The work is of interest to researchers, managers and specialists in the field of business analysis, strategic management and economics.

Key words: analysis, enterprise activity, economic growth, problems, recommendations.

Факторный анализ играет ключевую роль в исследовании предприятия, предоставляя систематический метод анализа множества переменных и факторов, влияющих на его деятельность. Позволяет выделить основные переменные, которые оказывают наибольшее воздействие на результаты деятельности предприятия. Это может включать в себя факторы, такие как экономическая среда, технологические изменения, конкурентная обстановка и другие.

Кроме того, факторный анализ помогает выделить общие факторы из сложных систем данных, что облегчает понимание структуры взаимосвязей между различными переменными и